

## Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімдерді жасасу және бұзу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2022 жылғы 14 маусымдағы № 339 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 15 маусымда № 28454 болып тіркелді

"Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 26) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімдерді жасасу және бұзу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Өнеркәсіптік саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрінің міндетін атқарушы*

*Е. Дауылбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бәсекелістікті қорғау және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық  
даму министрінің  
міндетін атқарушының  
2022 жылғы 14 маусымдағы

## **Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімдерді жасасу және бұзу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімдерді жасасу және бұзу қағидалары "Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабының 26) тармақшасына сәйкес әзірленді және бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімдерді жасасу және бұзу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бағалау парағы – оның негізінде, өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің сараптамасы жүргізілетін және рейтингі қалыптастырылатын көрсеткіштер тізбесі;

2) бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) – осы Қағидаларда көзделген тәртіппен және шарттарда өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган мен өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісі арасында жасалатын азаматтық-құқықтық шарт;

3) жақсарту жоспары – ұлттық институттың бағалау нәтижелерін ескеретін, өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісі әзірлеген және бекіткен жоспар;

4) жобалау менеджері – келісім шеңберінде мемлекеттік ынталандыру шаралары кешенін ұсынуды сүйемелдейтін ұлттық институттың қызметкері;

5) кәсіпорынды бағалау – EFQM үздіксіз жақсартудың еуропалық әдістемесіне негізделген бағалау (бұдан әрі - бағалау);

6) келісім шеңберіндегі мемлекеттік ынталандыру шараларының кешені – өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандырудың барлық шаралары бойынша кешенді консультациялық қолдау көрсетуге жеке жобалау менеджерін ұсынуды, сондай-ақ EFQM моделін қолдана отырып, өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісін бағалау арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттыруға жәрдемдесуді қамтитын шаралар кешені;

7) мониторинг – жақсарту жоспарының іс-шараларын орындау бойынша міндеттемелерді бақылау;

8) өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері – өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды іске асыратын не өңдеу өнеркәсібінің отандық тауарларын, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерін ішкі және (немесе) сыртқы нарықтарға ілгерілету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар, жай серіктестіктер;

9) өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – өнеркәсіп саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіру мен өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыруды іске асыруға қатысуды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

10) өтінім – осы Қағидалардың талаптарына сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің өтініші;

11) ұлттық институт – өнеркәсіпті дамыту саласындағы ұлттық даму институты;

12) EFQM (European Foundation for Quality Management) моделі – шығарылатын өнімнің сапасы мен басқару сапасын жетілдіруге ұйымды ынталандыруға арналған сапаны басқарудың Еуропалық қорының моделі.

3. Заңның 13-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына және осы Қағидаларға сәйкес ұлттық институт уәкілетті органға бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімдердің іске асырылуын іріктеу, сүйемелдеу, мониторингтеу және талдау жүргізу бойынша қызметтер көрсетеді.

## **2-тарау. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімдерді жасасу тәртібі**

4. Уәкілетті орган жыл сайын өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерімен келісім жасасу үшін өңдеу өнеркәсібінің басым секторын айқындайды.

5. Келісім жасасу үшін өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерін іріктеуді жүргізу туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды.

6. Өтінімдерді қабылдаудың басталуы, сондай-ақ оның аяқталу мерзімі туралы ақпарат өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын уәкілетті органның және ұлттық институттың интернет-ресурстарында жарияланады.

7. Келісім өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерімен олардың мынадай шарттарына сәйкес келген кезде жасалады:

1) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 30 мамырдағы № 306 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28264 тіркелген) бекітілген Басым тауарлар тізбесіне енгізілген тауарларды өндіруге бағдарлануы;

2) шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектісі;

3) жарғылық капиталда мемлекеттің немесе квазимемлекеттік сектордың және олармен үлестес тұлғалардың қатысу үлесінің болмауы;

4) өтінім берген сәтте үш айдан астам уақытқа созылған салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің (төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда) болмауы;

5) соңғы үш жыл ішінде тарату немесе банкроттық процесінде болмауы тиіс;

6) өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыруға уәждеу.

8. Келісім жасасу үшін өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері ұлттық институтқа осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісім жасасу құқығына өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерін іріктеуге қатысуға өтінімді [www.qazindustry.gov.kz](http://www.qazindustry.gov.kz) веб-порталы арқылы электрондық түрде жібереді.

9. Өтінімге мынадай құжаттар мен ақпарат қоса беріледі:

- 1) құрылтай құжаттарының көшірмелері;
- 2) соңғы үш жылдағы қаржылық есептіліктің көшірмесі;
- 3) соңғы 3 жылда өндірілетін өнім көлемі (құндық және заттай көріністе);
- 4) соңғы 3 жылда шығарылатын өнімнің жалпы көлеміндегі экспорт көлемі (құндық және заттай мәнде болған кезде);
- 5) ағымдағы өтімділік коэффициенті;
- 6) өндірістік қуаттың (жүктемесінің) коэффициенті;
- 7) соңғы үш жылдағы материалдық шығындар шығыстарының серпіні;
- 8) келісім шеңберінде мемлекеттік ынталандыру шаралары кешенін алу қажеттігі туралы негіздемені қамтитын уәжді хат.

10. Уәкілетті органмен бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісім жасасу үшін іріктеуге өтінім берген өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісіне бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісім жасасуға қатысуға тіркелген өтінімге өзгерістер енгізуге немесе өтінім беру үшін белгіленген мерзім өткенге дейін ұлттық институтты жазбаша хабардар ету арқылы оны кері қайтарып алуға жол беріледі.

11. Ұлттық институт келісімге қол қоятын уәкілетті органды қоспағанда, өтінім және оған қоса берілген құжаттар туралы ақпараттың үшінші тұлғаларға жария етілмеуін қамтамасыз етеді.

12. Өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері ұсынылған құжаттардың, бастапқы деректердің, есептердің, негіздемелердің толықтығы мен анықтығын қамтамасыз етеді.

13. Өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін ұсынылған өтінімдер ағымдағы іріктеу шеңберінде қабылданбайды және қаралмайды.

14. Ұлттық институт өтінімдерді қабылдау аяқталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың 7-тармағының және 9-тармағының талаптарына сәйкестігіне сараптама жүргізеді.

15. Сараптама нәтижелері бойынша ұлттық институт алынған балдардың негізінде өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің рейтингі түрінде қорытынды қалыптастырады.

16. Өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің рейтингі осы Қағидалардағы 2-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес бағалау парағының көрсеткіштері негізінде қалыптастырылады.

Әрбір өтінім бойынша қорытынды балл әрбір өлшемшарттар бойынша балдарды қарапайым жинақтау жолымен шығарылады.

17. Рейтинг түріндегі сараптаманың нәтижелері осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органға жіберіледі.

18. Келісім жасасу туралы шешім қабылдау үшін құрамын және ережесін уәкілетті орган бекітетін Комиссия құрылады.

19. Комиссия жүргізілген сараптаманың нәтижелерін алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде хаттама түрінде келісім жасасу туралы шешім қабылдайды.

20. Ұлттық институт комиссия хаттамасын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында іріктеу нәтижелері туралы хабарлайды.

21. Уәкілетті орган мен өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісі арасындағы келісім осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес Хаттамаға қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бір жылдан аспайтын мерзімге жасалады.

22. Уәкілетті орган тараптар келісімге қол қойғаннан кейін ұлттық институтқа сүйемелдеу және кейіннен мониторинг жүргізу үшін уәкілетті органның мөр бедерімен куәландырылған Келісімнің көшірмесін жібереді.

23. Өнеркәсіптік-инновациялық қызметтің барлық субъектілеріне ұлттық институт уәкілетті органның қабылдаған шешімі туралы ресми хабарлама жібереді.

24. Әрбір Келісімге ұлттық институттың жобалау менеджері бекітіледі.

25. Жобалау менеджері өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандырудың барлық шаралары бойынша кешенді консультациялық қолдау көрсетеді.

26. Бағалау жүргізуге уәкілетті ұлттық институттың жобалау менеджері немесе өзге қызметкері сапаны басқарудың Еуропалық қорының моделі бойынша өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісіне бағалау жүргізеді және қызметті жақсарту жөнінде ұсынымдар береді.

27. Өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісі жүргізілген бағалау нәтижелері негізінде жақсарту жоспарын әзірлейді.

28. Жақсарту жоспары бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен осы құқықты растайтын құжат негізінде бекітіледі.

29. Жақсарту жоспарының іс-шараларын орындау мерзімі аяқталғаннан кейін өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісін қайта бағалау жүргізіледі.

30. Келісім мониторингінің міндеттері:

1) жақсарту жоспарының орындалуын бағалау;

2) Келісім шеңберінде мемлекеттік ынталандыру шараларының ұсынылатын кешенінің өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің қанағаттануы болып табылады.

31. Келісімді іске асыру мониторингінің нәтижелері бойынша ақпаратты ұлттық институт келісім мерзімі аяқталғаннан кейін 20 жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның атына жібереді.

### **3-тарау. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімді бұзу тәртібі**

32. Келісімнің қолданысы мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) тараптардың келісімі бойынша;
- 2) жақсарту жоспарының іс-шаралары орындалмаған жағдайда, оның орындалмауы өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің қызметіне тәуелсіз сыртқы факторларға байланысты болған жағдайларды қоспағанда;
- 3) өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

33. 32-тармақтың 2-тармақшасында көрсетілген жағдайда уәкілетті орган өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісіне себептерін көрсете отырып, 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Келісімді мерзімінен бұрын бұзу туралы хабарлама жібереді.

34. 32-тармақтың 3-тармақшасында көрсетілген жағдайда өнеркәсіптік-инновациялық даму субъектісі уәкілетті органға болжамды бұзу күніне дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей себептерін көрсете отырып, Келісімді мерзімінен бұрын бұзу туралы хабарлама жібереді.

35. Уәкілетті орган мен өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісі Келісімнен туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешу үшін барлық шараларды қабылдайды.

36. Егер туындаған сәттен бастап 90 күн ішінде даулы мәселе келіссөздер арқылы шешілмесе, онда келіспеушіліктер Тараптардың бірінің өтініші бойынша сот тәртібімен шешіледі.

Бәсекеге қабілеттілікті  
арттыру туралы келісімдерді  
жасасу және бұзу  
қағидаларына  
1-қосымша

**Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімдерді жасасу құқығына  
өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерін іріктеуге қатысуға арналған өтінім**

---

(компанияның атауы)

1. Аймақ \_\_\_\_\_
2. Саласы \_\_\_\_\_
3. Бірінші басшының тегі, аты-жөні (болған жағдайда) \_\_\_\_\_

4. Өтініш берушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

5. Өндірілетін өнім (СЭҚ ТН кодын көрсете отырып)

6. Қызметкерлер саны \_\_\_\_\_ адам.

7. Инженерлік-өндірістік персоналдың саны, \_\_\_\_\_ адам

8. Ағымдағы еңбек өнімділігі \_\_\_\_\_ мың теңге/адам

9. Телефон / электрондық пошта: \_\_\_\_\_

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімді жасасу құқығына өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерін іріктеуге қатысу үшін құжаттар топтамасымен бірге өтінім жібереміз.

Мынадай құжаттар қоса беріледі:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(Өтінім берген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және лауазымы)

Күні \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

Бәсекеге қабілеттілікті  
арттыру туралы келісімдерді  
жасасу және бұзу  
қағидаларына  
2-қосымша

### Бағалау парағы

№	Көрсеткіштер	Мәні	Балдар	Негіздеме
11.	Соңғы үш жылда өнім өндіру көлемінің өсуі	мәні		
		≤5%	от 5 до 10%	>10%
		4	6	8
22.	Өндірістік қуатты (жүктемені) пайдалану коэффициенті	мәні		
		≤50%	от 50 до 60%	>60%
		4	6	8
3.	Ағымдағы өтімділік коэффициенті	мәні		
		≤1		>1
		5		10
4.	Соңғы 3 жылда өнімді сатудан кірістің өсуі	мәні		
		≤ 10%	от 10 до 30%	>30%
		4	6	8
		мәні		

5.	Соңғы 3 жылда материалдық шығындарды азайту.	≤ 10%	от 10 до 30%	>30%		
		4	6	8		
	ЖИЫНЫ:					

Бәсекеге қабілеттілікті  
арттыру туралы келісімдерді  
жасасу және бұзу  
қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

### Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімнің үлгі нысаны

№ \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісім \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

—  
(уәкілетті органның атауы)  
атынан \_\_\_\_\_

’  
(басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))  
негізінде әрекет ететін

\_\_\_\_\_

—  
(ереже немесе бұйрық)  
(бұдан әрі – уәкілетті орган), бір жағынан, және

\_\_\_\_\_

—  
(заңды тұлғаның атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)  
атынан \_\_\_\_\_

—  
(басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))  
негізінде әрекет ететін

\_\_\_\_\_



(жарғы немесе бұйрық)

(бұдан әрі – Қатысушы), екінші тараптан, бірге "Тараптар" деп аталатын, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 2022 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімді жасасу және бұзу қағидаларына сәйкес туралы осы Келісімді жасасты.

## **1. Келісімнің мәні**

1.1. Уәкілетті орган Қағидаларға сәйкес мемлекеттік ынталандыру шараларының кешенін беруге, ал келісімге қатысушы жақсарту жоспарының іс-шараларын толық көлемде және белгіленген мерзімде орындауға міндеттенеді.

## **2-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері, олардың өзара іс-қимыл жасау тәртібі**

Уәкілетті орган:

2.1. бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімді жасасу және бұзу қағидаларын іске асыруға байланысты барлық өзгерістер туралы келісімге қатысушыны хабардар етуге;

2.2. өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шаралары жөніндегі Келісімге қатысушыға консультация беруге;

2.3 қатысушының осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарын олар келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 20 күннен кешіктірмей қарауға міндеттенеді.

Қатысушы:

2.4. жақсарту жоспарында көзделген барлық іс-шараларды орындауға;

2.5. Жақсарту жоспарының іске асырылу барысы туралы ақпаратты ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейін ұсынуға;

2.6. ұсынылған ақпараттың толықтығын, уақтылығын және дұрыстығын қамтамасыз етуге;

2.7. Қағидаларға сәйкес ресми өтініш беру арқылы Жақсарту жоспарындағы барлық өзгерістер туралы хабардар етуге міндеттенеді.

Қатысушы:

2.8. Уәкілетті органға осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар жіберуге;

2.9. Жақсарту жоспарында көзделген міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауға құқылы. Бұл жағдайда қатысушы міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындау туралы ақпараты бар ресми хатты, есепті және басқа да қажетті құжаттарды уәкілетті органның атына жібереді.

Уәкілетті орган:

2.10. осы Келісімнің 2.3-тармағына сәйкес қарау қорытындылары бойынша оның ұсыныстары негізді деп танылған жағдайда, Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қосымша келісім жасасуға;

2.11. осы Қағидалардың 32-тармағына сәйкес жақсарту жоспарының іс-шаралары орындалмаған жағдайда осы Келісімді бұзуға құқылы.

### **3-тарау. Келісімнің қолданылу мерзімі**

3.1. Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 20\_\_ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін қолданылады.

3.2. Осы Келісімнің қолданысы қатысушы 2.4-тармақта көзделген міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындаған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

### **4-тарау. Келісімді бұзу тәртібі мен шарттары**

4.1. Келісімнің қолданысы осы Қағидалардың 31-тармағында көрсетілген жағдайларда тоқтатылады, атап айтқанда:

- 1) тараптардың келісімі бойынша;
- 2) жақсарту жоспарының іс-шаралары орындалмаған жағдайда, оның орындалмауы өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің қызметіне тәуелсіз сыртқы факторларға байланысты болған жағдайларды қоспағанда;
- 3) өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің бастамасы бойынша.

### **5-тарау. Бой бермейтін күш жағдйлар**

5.1. Егер мұндай орындамау немесе орындау кезіндегі кідіріс бой бермейтін күш жағдйлар туындаған болса, Тараптардың ешқайсысы осы Келісім бойынша қандай да бір міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапты болмайды.

5.2. Бой бермейтін күш жағдйлар, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және болмай қоймайтын мән-жайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және басқалар) жатады

5.3. Бой бермейтін күш жағдйлардан туындаған келісім бойынша жұмыстар толық немесе ішінара тоқтатылған кезде оларды орындау мерзімі бой бермейтін күш жағдйлар қолданылу мерзіміне ұзартылады және бой бермейтін күш жағдйлар тоқтатылған сәттен бастап жаңартылады.

5.4. Бой бермейтін күш жағдйлардан туындаған жағдайда, олардан зардап шеккен тарап олар туындаған күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде форс-мажорлық жағдайлардың туындау күнін және сипаттамасын көрсете отырып, жазбаша хабарлама жіберу арқылы бұл туралы екінші Тарапты хабардар етеді.

5.5. Тараптардың тиісті жазбаша хабарламасы бой бермейтін күш жағдйлардың болуының және олардың қолданылу ұзақтығының дәлелі болып табылады.

5.6. Бой бермейтін күш жағдайлар туындаған кезде Тараптар қалыптасқан жағдайдың шешімін іздеу үшін дереу келіссөздер жүргізеді және осындай жағдайлардың салдарын барынша азайту үшін барлық құралдарды пайдаланады.

Уәкілетті орган: Тегі, аты-жөні (болған жағдайда) _____ Лауазымы _____	Қатысушы: Заңды тұлғаның атауы _____ Тегі, аты-жөні (болған жағдайда) _____ Лауазымы _____
Қолы _____ Күні _____ Мөр орны	Қолы _____ Күні _____ Мөр орны